

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2023 жылға ЕСЕБІ

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің /№190 бұйрығының негізінде «02» мамыр 2023 жылдан - «31» желтоқсан 2025ж./ дейінгі мерзімге ашылған I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрамындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау кеңесі жұмыс жасауда.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 27 ақпан №7 хаттама негізінде - 15 наурыз 2023 ж. №75П бұйырық) біріккен диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы бекітілді. Кеңес төрағасы - Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің тұрақты құрамы туралы ақпарат университет <https://zhetyusu.edu.kz/дисертационный-совет-2023> сайтында орналастырылған.

1. Өткізілген отырыстар саны – 2

Диссертациялық кеңестің кезекті отырыстарына философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін 2023 ж жалпы 2 диссертациялық жұмыс ұсынылды.

6D010300 – педагогика және психология мамандығы бойынша 2 жұмыс ұсынылды және қорғалды. Атап айтқанда:

30.06.2023 жылы (6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша Шакирова Арайлы Далеловна және Джанисенова Алия Мейрбековна); диссертациялық жұмыстары диссертациялық кеңеске ұсынылып, қорғаудан өтті. <https://zhetyusu.edu.kz/объявления-о-защитах-2023-г>

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – Диссертациялық кеңес отырысына кеңес мүшелері толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Жұмыс орындалған жоғары оқу орны	Шифр, мамандық және қорғау күні	Ғылыми кеңесшілері	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
---	-----	----------------------------------	---------------------------------	--------------------	-------------------------------------

1	Шакирова Арайлы Далеловнаның	І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	6D010300 – Педагогика және психология 2023 жыл 30 маусым, сағат 10.00.	<p>Токсанбаева Нургул Коргаджановна - психология ғыл., докторы, әл-Фараби ат. ҚазақҰУ. қауым. Профессор. Алматы қаласы, Қазақстан.</p> <p>Римантас Желвис - п.ғ.д., Вильнюс университетінің профессоры, Вильнюс қаласы, Литва.</p>	<p>30.06.2023 жылы көпшілік алдында қорғалған Шакирова Арайлы Далеловнаның <i>Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту</i>» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Комитеттің Сараптау комиссиясының 2023 жылдың қыркүйек айының 13-ші жұлдызындағы отырысында қабылданған шешім негізінде 2023 жылдың қыркүйек айының 14 жұлдызында арнайы келген №15-15-4-7/5271-И құжат мазмұнындағы №6 хаттамада Комитеттің Сараптау комиссиясының диссертациялық жұмысты пысықтауға жіберілді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126, 127 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес пысықтауға жіберілген диссертациялық жұмысты қарау және қорытындысын шығарып, «Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» ұсыныс жасау үшін 2023 жылдың қараша айының 25-ші (хаттама №3) жұлдызында диссертациялық жұмысты пысықтауға арналған кезектен тыс диссертациялық кеңес отырысы болды және Шакирова Арайлы Далеловнаның <i>«Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту»</i> тақырыбындағы докторлық диссертациясын пысықталғаны жөнідегі қажетті құжат-тар Комитетке 2023 жылдың 11 желтоқсанында өткізілді.</p> <p><i>Қазіргі уақатта Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде қаралуда.</i></p>
2	Джанисенова Алия Мейрбековна	Ш. Есенов ат. Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	6D010300 – Педагогика және психология 2023 жыл 30 маусым, сағат 14.00.	<p>Калиева Эльмира Измухановна – п.ғ.к., қауым. профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті педагогика кафедрасы. Ақтау қаласы, Қазақстан.</p> <p>Буюклиев Николай Петков - философия док. (PhD), Варна менеджмент университетінің профессоры, Варна қаласы, Болгария.</p>	2023 жылғы 14 қыркүйек № 536 бұйрығымен Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

4.1.1. Диссертациялық кеңес отырысында 2023 жыл 30 маусым күні сағат 10.00-де 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шакирова Арайлы Далеловнаның *«Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту»* тақырыбындағы докторлық диссертациясы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогика және психология жоғары мектебінде «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша орындалып қорғалды. Қорғау тілі – қазақ тілі.

Ресми рецензенттер:

1. Ерментаева Ардак Ризабековна – психология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры. 19.00.01 – Жалпы психология, тұлға психологиясы, психология тарихы;

2. Ниетбаева Гульмира Бекеновна – 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесші:

Токсанбаева Нургул Коргаджановна – психология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Римантас Желвис – педагогика ғылымдарының докторы, Вильнюс университетінің профессоры (Вильнюс қ., Литва Республикасы).

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. Кеңестің төрағасы Ыбырайымжанов Қалибек Тұрдығазиевич – п.ғ.д., профессор;

2. Кеңес төрағасының орынбасары Жиенбаева Сайра Нагашибаевна - п.ғ.д., профессор;

3. Кеңестің Ғалым хатшысы Стамбекова Асель Серкебаевна – п.ғ.к., қауым. профессор.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

1. Хусейин Узунбойлу – педагогика ғылымдарының (PhD) докторы, Таяушығыс Университетінің профессоры (Солтүстік Кипр, Түркия);

2. Амирова Амина Слямхановна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры. 13.00.01 – Жалпы педагогика;

3. Байкулова Айгерим Мейрхановна – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасының постдокторанты;

4. Есимғалиева Тлекши Махсотовна – философия докторы (PhD), Каспий қоғамдық университетінің қауымдастырылған профессоры, 6D010300 – Педагогика и психология.

4.1.2. 2023 жыл 30 маусым күні сағат 14.00-де 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Джанисенова Алия Мейрбековна «Университеттегі білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті «Білім беру» факультетінің 8D01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы орындалған.

Қорғау: Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика

және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесте «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша қорғалды. Қорғау тілі – орыс тілі.

Ресми рецензенттер:

1. Аганина Кундыз Жамиевна - педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры. 13.00.01 - Жалпы педагогика, білім және педагогика тарихы, этнопедагогика;

2. Мурзалинова Алма Жақимовна - педагогика ғылымдарының докторы, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры. 13.00.02 - Оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі.

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесші:

Калиева Эльмира Измухановна - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің педагогика кафедрасының профессоры (Ақтау қ., Қазақстан).

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Буюклиев Николай Петков - философия докторы (PhD), Варна менеджмент университетінің профессоры, (Варна қ., Болгария).

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. Кеңестің төрағасы Ыбыраимжанов Қалибек Тұрдығазиевич – п.ғ.д., профессор;

2. Кеңес төрағасының орынбасары Жиенбаева Сайра Нагашибаевна - п.ғ.д., профессор;

3. Кеңестің Ғалым хатшысы Стамбекова Асель Серкебаевна – п.ғ.к., қауым. профессор.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

5. Хусейин Узунбойлу – педагогика ғылымдарының (PhD) докторы, Таяушығыс Университетінің профессоры (Солтүстік Кипр, Түркия);

6. Стукаленко Нина Михайловна – педагогика ғылымдарының докторы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің жалпы педагогика және психология кафедрасының профессоры;

7. Аренова Асыл Хадыржановна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бастауыш білім беру кафедрасының профессоры;

8. Байкулова Айгерим Мейрхановна – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасының постдокторанты.

4.2. диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

4.2.1. Шакирова Арайлы Далеловнаның *«Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту»* тақырыбындағы докторлық диссертациясы 2021 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің жүйелі негізі» Қазақстан халқына Жолдауының үшінші бағытында – сапалы білім беру деп нақтыланған: жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдына қойылған міндеттермен тығыз байланысты және оны жүзеге асырудың тетіктерін болашақ педагог-психолог мамандарды әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы кәсіби қабілеттерін дамытуға арналған зерттеу жұмысы ретінде орын алады. Диссертациялық зерттеу жұмысының уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген идеяға бағытталағандығы анық көрініс береді. Педагогикалық қабілеттер саласында көптеген зерттеулер болғанымен, олардың құрылымы, интегралды даралық контекстіндегі жеке құрамдастардың көрінуінің детерминанттары туралы мәселе әлі

де аз зерттелгендігін аша кетіп, озы негізге зерттеушілік жұмысының арнаған. Бұл қабілеттердің маңызды сипаттамаларын, мазмұнын, құрылымын және көріну механизмдерін анықтау, қазіргі заманғы зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл - ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының міндеттерінің бірі «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» ерекшеліктеріне бағдарланғандығымен негіз бола алады.

2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет басшысы: «Біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн» деп атап идеясы мен 2017 жылғы 8 маусымдағы «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының №133 бұйрығына қосымша «Педагогтың кәсіби стандартында» болашақ педагогтың «білім, білік, іскерлік, тұлғалық және кәсіби күзiреттiлiк» көрсеткіштері атқаратын еңбек қызметінің күрделілігін көрсеткен ресми мазмұндағы құжаттармен өзара іштей байланыстылығы көрініс берген. Диссертациялық зерттеу жұмысында докторант педагогикалық қабілеттер қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби қызмет саласындағы табысының ең жетекші және негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырып, оның мазмұндық құрылымын ғылыми негізде айналымға түсірген. Қабілеттерді түсіндірудің классикалық нұсқасында біз оның іс-әрекетінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін қарастыруды басшылыққа алаған. Бұл болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлауға негізделген. Бұл Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың және қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі қағидаттарын белгілейді, олардың жүзеге асырылуы педагогикалық қабілеттердің жоғары деңгейі бар білікті кәсіби кадрлар болған жағдайда мүмкін болатындығына бағытталаған міндеттерді орындау және ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығын анықтайды.

4.2.2. Ізденуші докторант Джанисенова Алия Мейрбековна «Университеттегі білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту Концепциясында жоғары білім беруді оңтайластыру ХХІ ғасырда жаһандық және пәнаралық күзiреттiлiктер контекстінде жүзеге асырылады деген идеялық оймен ұштасып жатыр. Түрлі салада қолдануға болатын технологияларды оңтайланстыру жағдайы елімізде әрбір жеке саладаға кәсіби әрекеттерге күзiреттiлiктері толық сәйкес келетін және жүйелі ойлайтын мамандарды дайындау қажеттігінен туындайтын міндеттерді шешуге бағытталағандығы мен оны орындау қажеттіліктеріне жүзеге асыруға негізделген. Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны білім беру саласындағы мамандарға қатысты, себебі, көп жағдайда, еліміздің қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық саясатын реформалаудағы жетістіктер білім беру қызметінің сапасына байланыстылығына басымдық бере отырып, зерттеу жұмысының мазмұнын құрастырып және осы мәселедегі көкейкестіліктің түйінін шешуге анықталаған.

Болашақ педагогтарды жоғары оқу орындарында мамандықтар бойынша білім алу барысында-ақ кәсіпкерлік қабілеттерін қалыптастыруға қажет жағдай тудырғанда ғана олардың табысты бейімделулері мен кәсіби дамуына жол ашатын бәсекеге қабілетті, табысты жас ұрпақты дайындауға арналаған ғылыми зерттеушілік жұмыс болып табылады. Қазіргі ЖОО-дың басты міндеті - жаңа тұрпатты креативті, озық ойлайтын, белсенді өмірлік ұстанымға ие және өзімен, қоғаммен шығармашылық-жасампаздық қарым-қатынас құра білетін педагогикалық кәсіп бағытындағы мамандарды сапалы дайындау мәселесіне арналаған.

Студент жастардың арнайы меңгерген мамандығының ерекшелігін ескере отырып олардың кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру табысты түрде әлеуметтендірудің аса маңызды міндеттердің бірі ретінде анықтай келе, осы мәселеі ғылыми айналымға түсіру бағытында диссертациялық зерттеу жұмысын арнаған. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін дәлелдейді. Диссертациялық зерттеу

жұмысы еліміздегі психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, қоғамның серпін сұраныстары жұмыстың өзектілігін арттырады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау ғылыми әлеуетті арттыру, ғылыми жобаларды коммерциализациялау, инновациялық технологияны енгізу, білім беруді ұйымдастыруда мемлекеттік-жеке әріптестікті қалыптастыру, университеттерге академиялық еркіндік беру жолымен болашақ мамандар даярлауға бағытталғандығы ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы ғылыми нәтижелер алынды:

4.3.1. Шакирова Арайлы Далеловнаның «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы докторлық диссертациясының ғылыми нәтижесі:

Бірінші ғылыми нәтиже – Алғаш рет қазақстандық педагогика және психологияда әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуды қарастырып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалған;

Екінші ғылыми нәтиже – Зерттеу мақсатын теориялық талдау арқылы алғаш рет әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту тәжірибеде ашылған;

Үшінші ғылыми нәтиже - Қазақстандық педагогика және психология ғылымында әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың негізгі бағыттары әзірленіп, оның құрылымдық мазмұны модельде көрсетілген.

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері. Диссертациялық жұмыстың жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелерінің арасындағы байланыстар логикалық сипатта көрініс табады. Ішкі бірлігі мен логикасы Шакирова Арайлы Далеловнаның диссертациясының құрылымы мен мәтінінде жұмыстың мазмұнын толық ашады және ол Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті «Ережесінің» PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.

1. Білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуда әлеуметтік-психологиялық тренингтің психологиялық-педагогикалық негіздерін анықталған;

2. Зерттеудің іргелі ұғымдарына (педагогикалық қабілеттер, әлеуметтік-психологиялық дайындық) талдау жасау, олардың мәнін, қызметін, құрылымын анықтаған;

3. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қабілеттерінің дамуының құрылымдық-мазмұндық моделін жасалған;

4. Білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық тренинг бойынша тапсырмалар кешенін әзірлеу, оны эксперименттік тексеруден өткізу, білімгерлерді даярлау тәжірибесінде әлеуметтік-психологиялық тренингті пайдаланудың тиімділігін анықтаған.

Алынған нәтижелері жұмыстың негізгі мақсатына сай, зерттеудің жалпы құрылымы ішкі бірлігі мен өзара байланысы жоғары деңгейде кешенді түрде бірізді орындалған ғылыми шешімдердің желісі ретінде қабылданды және ғылыми біліктілігі бар, іргелі, тұтастығын беретін ғылыми зерттеу жұмысы деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысының практикаға ендірілуі.

1. Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде қолдануға болады;

2. Негізгі еңбек әрекеттерін қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық тренинг бойынша тапсырмалар кешені әзірленді;

3. «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттілік) негіздері» білім беру бағдарламасы арнайы курсы әзірленді;

4. «Әлеуметтік-психологиялық тренинг: Педагогикалық қабілет»: оқу-әдістемелік құрал / Шакирова А.Д., Токсанбаева Н.К, Закарьянова Ш.Н., Аязбаева Б.Б. – Алматы, 2022 жыл. – 156 б. оқу-әдістемелік құралын тәжірибеген енгізген және ғылыми-әдістемелік

ұсыныстар берген. Тәжірибеге ендіру актілері диссертациялық жұмыстың қосымшаларында тіркелген.

Ғылыми жаңалығының, практикалық маңыздылығының қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын осы сала бойынша ғылымды дамытуға қосатын еңбек болып табылатындығы.

Шакирова Арайлы Далеловнаның *«Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту»* тақырыбындағы докторлық жазылған диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ережелерінің 2, 5, 6 тармағының талаптарына сай келеді және диссертациялық жұмыс 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығына сәйкес, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік мәнділігі қазіргі зертеушілік талаптарына жауап бере алатын, осы сала бойынша ғылымды дамытуға үлес қосатын ғылыми еңбек болып табылады.

4.3.2. Ізденуші докторант Джанисенова Алия Мейрбековна «Университеттегі білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясындағы тәжірибелік ұсыныстары толығымен жаңа. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында студенттердің студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың теориялық ережелер мен қорытындылар білім беру мазмұнын құруға арналған жаңартудың төмендегі алғы шарттарын жасайды:

1. Болашақ педагогтің кәсіпкерлік мәдениеті – білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметке дайындықты қамтамасыз ететін құндылық-мотивациялық, когнитивті, эмоционалды-ерікті және мінез-құлық компоненттерін қамтитын жеке тұлғаның интегративті сапасы болып табылған;

2. Болашақ педагогтың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсатты, мазмұндық, процедуралық және бағалаушылық-тиімділік тәрізді бірнеше блоктар жүйесінен тұратындығы дәлелденген;

Мақсатты блок дегеніміз әлеуметтік тапсырысты – студенттер мен мамандарға (білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға дайын маман) қойылатын заманауи талаптар мен мақсатты (студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру) – көрсетілген.

Мазмұндық блок ЖОО студенттерінің оқу іс-әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудың құрамдас бөліктерін (құндылық-мотивациялық, танымдық, эмоционалды-еріктік, мінез-құлық) және олардың көрсеткіштерін ашылған.

Процессуалды блокта студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың тәсілдері, жұмыс істеу принциптері, психологиялық-педагогикалық шарттары мен кезеңдері берілген.

Бағалау-өнім блогы оқушылардың оқу іс-әрекетін (интуитивтік, нормативті, белсенді, шығармашылық) өзін-өзі ұйымдастырудың даму деңгейлерін анықтайды. Модельді жүзеге асыру нәтижесі студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың жоғары деңгейіне жеткен студент болып табылатындығы негізделген.

3. Университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру құрамдас бөліктерді (құндылық-мотивациялық, когнитивті, эмоционалды-ерікті, мінез-құлық) қамтитын үлгіге сәйкес кезеңдері (түсіну, хабардар ету, жүзеге асыру,) критерийлері, интуитивтік, нормативті, белсенді және шығармашылық деңгейлері жүзеге асырылған.

4. Университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру үшін келесі психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру қажет екендігі негізделген:

- кәсіпкерлік қызметтің білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пәндерді білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілген;
- шығармашылық білім беру ортасын құру жүзеге асырылған;
- білім алушылардың кәсіпкерлік әлеуетін іске асыратын технологияларды, білім беру нысандары мен әдістерін (белсенді, интерактивті, цифрлық, жобалық) енгізілген;
- практикаға бағытталған оқытуды ұйымдастыру, білім алушыларды білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметке қосуды қамтамасыз етілген;

- табысқа қол жеткізу мотивациясын қалыптастыру жұмыстары жүргізілген;
- кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қатысты студенттің субъективті ұстанымының негізі ретінде рефлексияны қалыптастыру іске асырылған;
- эмоционалды-ерікті өзін-өзі реттеу және күйзеліске төзімділік дағдыларын жетілдіру жасалған.

Жоғарғы оқу орнында болашақ мамандардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру мотивациялық сферасын психологиялық зерттеудің салыстырмалы мәліметі ретінде пайдалануға болады және оқу - тәрбие үдерісін ұйымдастыру сапасын арттыруда мектептерде, колледждерде пайдалануға болады.

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері. Диссертациялық жұмыстың жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелерінің арасындағы байланыстар логикалық тізбектестік заңдылықтарын сақтағын. Ішкі бірлігі мен логикалық сабақтастығы Джанисенова Алия Мейрбековнаның диссертациясының құрылымы мен мәтінде жұмыстың мазмұнын толық ашады және ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ережесінің» PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.

1. «Кәсіпкерлік мәдениет» ұғымының мәнін, мазмұнын және құрылымын ашылған;
2. студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасаған;
3. ЖОО білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау және олардың тиімділігін эксперименттік түрде тексерілген;
4. ЖОО білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу және сынақтан өткізген.

Алынған нәтижелері жұмыстың негізгі мақсатына сай, зерттеудің жалпы құрылымы ішкі бірлігі мен өзара байланыс логикасы жоғары деңгейде кешенді түрде бірізді орындалған ғылыми шешімдердің нәтижесіне ие және ғылыми біліктілігі бар, іргелі, біртекті тұтастықты құрайтын зерттеушілік жұмыс деп деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысының практикаға ендірілуі.

- болашақ мұғалімнің кәсіпкерлік тұлғасының өзін-өзі жүзеге асыру негіздерін қалыптастыруға арналған психологиялық-педагогикалық бағдарлама жасалаған;
- «Білім беру саласындағы кәсіпкерлік» жаңа элективті курсы педагогикалық тәжірибеге ендірілген;
- зерттелген сапа қалыптастырудың диагностикалық құралдарының бағдарламалары түзілген.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында студенттердің студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру мәселесін сандық және сапалық деңгейге көтерудің теориялық-эмпирикалық бағыттағы зерттеудің салыстырмалы мәліметі ретінде пайдалануға болады. Студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде және мектептер мен колледждердің оқу - тәрбие үдерісіне енгізуге және пайдалануға болады.

Ізденуші докторант Джанисенова Алия Мейрбековна «Университеттегі білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Ережелерінің 2, 5, 6 тармағының талаптарын қанағаттандырады. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыс 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) мамандығына сәйкес, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәнділігі қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын, осы сала бойынша ғылымды дамытуға үлес қосатын ғылыми еңбек болып табылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып). Сапасыз пікір болған жоқ.

5.1. Шакирова Арайлы Далеловнаның «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттер: 1. Ерментаева Ардақ Ризабековна – психология ғылымдарының докторы, Тұран университетінің профессоры. 19.00.01 – Жалпы психология, тұлға психологиясы, психология тарихы; 2. Аренова Асыл Хадыржановна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры. 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандықтары бойынша оң пікірлерін берді.

5.2 Джанисенова Алия Мейрбековна «Университеттегі білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы ресми рецензенттері: 1. Аганина Кундыз Жамиевна - педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры. 13.00.01 - Жалпы педагогика, білім және педагогика тарихы, этнопедагогика; 2. Мурзалинова Алма Жакимовна - педагогика ғылымдарының докторы, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры. 13.00.02 - Оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі мамандықтары бойынша, оң пікірлерін берді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі типтік ережелердің талаптарына сәйкес жұмысын жетілдіруді басшылыққа ұстау. Диссертациялық жұмыстың сапасы мен мазмұнын көтеру үшін докторанттар докторантураны білім беру бағдарламасын толық аяқтап, ғылыми зерттеу жұмыстарының талаптарын толық типтік ережеге сәйкес орындағандың қадағалап және мамандандырылған жоғары мектептің ғылыми жұмыстарды талқылау және шешімдер мен қорытындылар жасауда профессор-оқытушылар әрі ізденуші докторанттар қатыстырылатын кеңейтілген академиялық мәжілісінде талқылаудан өтіп, мамандандырылған докторлық кеңеске қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстарды, диссертациялық кеңестің *онлайн* ұйымдастырылатын әдістемелік семинарында қарастыра отырып, рецензенттерін тағайындауға және қорғау күні мен уақытын анықтау жұмыстарында диссертациялық кеңесте қорғау жөнінде ұсынылған диссертациялық жұмыстың тақырыптың проблемалық мәселесіне сәйкес зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазған ғалымдарды уақытша мүшелікке шақыруда сәйкестігін анықтап, типтік ереженің талаптарын сақтау жұмыстарын жүйелі жүргізу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жалпы саны 2, оның ішінде 1- докторантың жұмысы Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті «Білім беру» факультетінің 8D01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы орындалған.

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ және басқа ЖОО докторанттары болған жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1.

Шакирова Арайлы Далеловнаның аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген

Дәрежелерді беру қағидаларына (бұдан әрі қағидалар) сәйкес қарастырылды. Докторанттың зерттеу жұмысы бойынша кемшіліктер анықталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасында ерекше мәртебесі жоқ ЖОО-да қорғаған тұлғаларға философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру жайындағы №127 бұйрығының 3-тарауының 14-тармақшасына сәйкес Сараптау кеңесінің қорытындысы шығарылған. Комитеттің Сараптау комиссиясының 2023 жылдың қыркүйек айының 13-ші жұлдызындағы отырысында қабылданған шешім негізінде 2023 жылдың қыркүйек айының 14 жұлдызында арнайы келген №15-15-4-7/5271-И құжат мазмұнындағы №6 хаттамада Комитеттің Сараптау комиссиясының диссертациялық жұмысты пысықтауға жіберу жайлы шешім қабылдаған.

2023 жылдың қараша айының 25-ші жұлдызы, диссертациялық жұмысты пысықтауға арналған кезектен тыс диссертациялық кеңес отырысы болды. Пысықтауға жіберілген диссертациялық жұмысты қарау және қорытындысын шығару Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес өткізілді және осы №126 бұйрық ережесінің №36 тармағында: Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарылды және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне 2023 жылдың 11 жұлдызында Шакирова Арайлы Далеловнаның аттестациялық ісі түсті. **Қазіргі уақытта Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде қаралуда.**

б) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрамындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау кеңесінің жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің /№190 бұйрығының негізінде «02» мамыр 2023 жылдан - «31» желтоқсан 2025ж./ дейінгі мерзімге дейін жұмыс жасайды.

8. Диссертациялық кеңестің құрамы шетел ғалымдарымен толықтыру және диссертациялық кеңес ережесін жаңа мазмұнда толықтыру.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (PhD) докторлық диссертацияларды қорғау бағытында құрылған диссертациялық кеңестердің жұмыстарын жаңа мазмұнда ұйымдастыру талаптарына сәйкес тұрақты мүшелері – шетелдік ғалымдарды рейтингі (QS) QS World University Rankings – топ - 500 кіретін шетелдік жоғары оқу орындарымен толықтырылды.

Университеттің ғылыми кеңесінде қарастырылып, шешіммен бекітілді. «30» қыркүйек 2024 ж. Хаттама №

«8D013 – «Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» бағыты «8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 8D011 – «Педагогика және психология» бағыты 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғату жөніндегі біріккен Диссертациялық кеңестің құрамын шетел ғалымдарымен толықтыру және бекіту туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

Біріккен Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері - шетелдік ғалымдар төмендегі тізімде және білім беру бағдарламалары бойынша бекітілсін:

- Закирова Венера Гильмхановна - п.ғ.д. профессор, Казан федералдық университеті Казан қ, Ресей Федерациясы, Ресей азаматы. **Хирш индексі=15.** Білім беру бағдарламасы: 8D01301-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі». **Рейтинг: (QS) QS World University Rankings - 401.**

8D01301-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі». *Рейтинг: (QS) QS World University Rankings - 401.*

- Желвис Римантас. профессор, доктор. Вильнюс Университетас, Вильнюс қ. Литва азаматы. **Хирш индексі=6.** Білім беру бағдарламасы: 8D01101- «Педагогика және психология». *Рейтинг: (QS) QS World University Rankings – 439.*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің жаңа мазмұнды ережесіне сәйкес 8D013 – «Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» бағыты «8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 8D011 – «Педагогика және психология» бағыты 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғату жөніндегі біріккен Диссертациялық кеңестің құрамы шетел ғалымдарымен толықтырылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің № 15-15-4-14/8383-И от 04.10.2024 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына **жолдаған хатына және** Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ағымдағы жылғы 23 және 29 тамызда өткізген диссертациялық кеңес төрағаларына және ғылыми журналдар редакторларына арналған оқыту семинары негізінде «Диссертациялық кеңе ережесін» жаң мазмұнда толықтырулар жасалып, қайта бекітілді.

Диссертациялық кеңес төрағасы

Қ.Т. Ыбыраимжанов

Диссертациялық кеңес ғалым хатшысы

А.Д. Шакирова